

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ  
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған  
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен  
студенттердің ғылыми конференциясының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**12 сәуір 2013 жыл**

**VI Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодной Межвузовской научной конференции  
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника  
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,  
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

**12 апреля 2013 года**

**VI Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А\_\_ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

**ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК  
ББК**

**Дәулетқалиева Н.М.,**  
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**заң факультетінің 2 курс студенті**

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.*

## **БҰЗУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мехоноскопия – бұзу құралдарының, өндірістік механизмдердің, құлыптардағы, пломбылардағы іздерді зерттеуге арналған трасологияның бір бөлімі болып табылады.

Бұзу құрал – жабдықтарының ізі туралы сөз қозғалмас бұрын, алдымен олардың қандай бөгеттердібұзу үшін қолданылатындығы туралы айтып өткенім жөн.

Бұзу деп – кіруге тыйым салынған немесе жабық тұрған объектіге кіру мақсатымен белгілі бір объектілерді атап айтқанда: қабырғаны, объектінің төбесін, есік-терезені, еденді, ғимараттарды, сейф, шкаф, бекітілген құрылыстарды және сол сияқты басқа да бөгеттерді толығымен немесе жартылай қиратуды айтамыз.

Бұзу құралының іздері - есіктің беткі қабатынан және оның тұтқаларынан, құлыптан, терезе рамаларының объектінің төбесі мен едендерден, сейфтердің қабырғаларынан және т.б жерлерден табылуы мүмкін [1].

Құлыптарды қарастыратын болсам, құлыптар әртүрлі конструкциялардан тұрады, соған байланысты оларды топтастырып қарастырайық:

1) Жабылатын объектіге орналасу тәсіліне байланысты – тұрақты ойып орнатылған және алынатын аспалы, ілінетін.

2) Тағайындау мақсатына байланысты – жалпы типтегі құлыптар есікке, жиһазға салынатын және арнайы құлыптар сейфке, автокөлікке арналған.

3) Бекітілген құрылғының құрастырылуы бойынша – серіппелі, сувалды, цилиндрлі, бұрандалы, шифрленген жүйемен жабылатын.

Құлыптың негізгі деталь – ригель болып табылады, ол құлыпқа ысырма сияқты әсер етеді. Тұрақты құлыпта ригель қорабы арқылы жылжиды және жапқан кезде есіктің жармалары немесе есікпен оның қорабының түйісу арқылы жабылады.

Құлыпты ашу үшін – кілттер , желбезектер, басқа да заттар іріктелініп алынады.

1) Құлыптың саңылуы арқылы құлыптың механизміне тікелей әсер етуі; мұндай әрекеттер іріктелініп алынған кілттер, желбезектер, басқа да заттармен жүзеге асырылуы мүмкін.

2) Ригельге сыртынан әсер ету жолымен ашу; бұл тәсілді қолдану

кезінде қатты тегіс заттар арқылы ригельдің шығып тұрған бөлігіне қысым жасалынады.

3) Есіктің ішкі жағындағы құлыптың қалған кілтті бұрап жылжыту жолымен ашу; кілттің ұшын сыртқы жақтан арнайы қысқышты қолдану арқылы тартып іліп алу жолымен ашылады [2].

Бірінші, механикалық топқа: кесетін-пышақ, қайшы, әйнек, әйнек кесетін құрал, тістеуші және т.б. жабатын және қашайтын – балта, кескіш, металды кесетін қашау, қашау, лом, егеп кесетін – егеу, ара, бұрғылайтын – тескіш темір, бұзғы құралдары мен механизмдерін жатқызылады.

Екінші, термикалық топқа: қатты металдарды кесуге және оларды сваркілеуге арналған газ және электірлі аппараттар жатады.

Механикалық топқа жататын құралдар әсер ету сипаты мен түріне байланысты: қысым арқылы түскен іздер, сырғанау, жылжу үйкелу іздері, кесу іздері деп бөлінеді.

Қысым іздері – кедергінің немесе бөгеттің бетінде бұзу құралдарының соққысы нәтижесінде басылып түсуі арқылы пайда болады. Егер кедергі жеткілікті дәрежеде қатты болған жағдайда беткі қабатты із қалады, ал жеткілікті дәрежеде қатты болмаса, онда ішіне қарай басылып батқан із қалады. Батқан іздің тереңдігі басудың күшіне байланысты болады. Ал батқан іздің формасы бұзу құралының жанасу бөлігінің кескін бейнесін конфигурациясын қайталайды және оның өлшемін көрсетеді. Оқиға болған жерді қарау кезінде тергеуші мұндай іздерді зерттеу арқылы бұзу құралының формасы мен өлшемі жөнінде мағлұматтар алады. Соның негізінде ол бұзу құралдарын іздестіру жұмыстарын жүргізу тапсырмаларын тұжырымдайды.

Сырғанау үйкеліс іздері – бұзу құралдарының лом, темір бөлігі бөгеттің, кедергінің астыңғы бұрышынан беткі қабатына әсер етуі арқылы пайда болады. Бұл кезде кедергі материалдарында шұңқырлы сызықтар валиктер пайда болуы және кедергі материалдарды тығыздануы мүмкін, Құралдар кедергіге қарағанда қаттырақ болса, үйкелу іздері анық түседі. Оларға қарап қолданылатын құралдың түрі мен бұзу механизмі жөнінде мәлімет алуға болады.

Кесу іздері – көбінесе ағаш және металдан жасалған кедергілер кездеседі. Бұлар – балтаның, пышақтың, қашаудың және басқа да құралдардың іздері. Кесудің бір түріне арамен аралау іздері жатады, ол өзінің механизмі бойынша бұрғылау және сүргілеу іздеріне ұқсас болып келеді. Кесу іздерінде құралдың кесетін қыры бейнеленіп түседі. Бұл іздер әдетте динамикалық сызықты болып табылады, әрбір қыр кедергіге сызық қалдырады. Қыртыстар мен шұңқырлы кезектесіп түскен жиынтығы беткі қабаттың микробедерін бейнелейді. Шабу, кесу іздері, бойынша – бұл іздерді қалдырған құралдарды теңдестіруге болады.

Арамен кесу іздері бойынша – араның түрін, ал кейбір жағдайларда оның бір бөлігіне сәйкес келетінгістерінің санын анықтауға болады. Бұрғылау іздері бойынша – пайдаланған бұрғының түрі және диаметрі анықталады.

Термикалық әсер ету іздері – металдан жасалған кедергілерді сейфтерді, есіктерді, терезе торларын бұзу кезінде пайда болады [3].

Бұзу құралының іздерін зеттеу кезінде негізгі сұрақтар қойылады: бұзу үшін пайдаланған зат қандай құралдар тобына - түріне, тегіне жатады: бұзу жерінде қалған іздер бір құралмен қалдырылған ба, әлде бірнеше құралдармен қалдырылған ба,; әртүрлі кедергілерді бұзу құралдарынан қалған әртүрлі жерлердегі, сонымен қатар, әртүрлі қылмыстарды жасау кезінде қалдырылған іздер бір құралмен қалдырылған ба, із нақты бір құралмен қалдырылған ба? – деген сұрақтар туындайды.

Бұзу іздерін фотосуретке түсіру масштабы фототүсірілім әдісі бойынша жүзеге асырылады. Алдымен барлық іздер мен олар орналасқан учаскілер, содан соң жеке іздер, яғни бұзу құралының белгілері барынша анық қалған жерлер детальды әдіспен суретке түсіріледі. Ұсақ іздер мен олардың бөлшектері фотоаппаратқа үлкейткіш сақиналар кигізу арқылы фотосуретке бөлшектерді фотоаппаратқа әртүрлі бағытта түсіру арқылы әр ізден екі, үш фотосурет жасаған жөн болып келеді. Фотосуретке түсірумен қатар іздердің схемалық суретін жасаған дұрыс.

Сызбаны кейіннен – құралдың және іздердің өлшемдерің, пішіндерін т.б. белгілерін салыстыру, зерттелетін объектілерді іріктеп сараптамаға жіберу үшін қолдануға болады.

Қарау хаттамасында: бұзу объектілерінде қалдырылған іздердің орналасуы, олардың жалпы саны және өзара орналасуы жағдайы, еденнің немесе жердің беткі қабатынан биіктігі, іздердің түрі (сырғудың көлемді ізі, шабудың сызықты ізі, т.б.) олардың (жалпы барлық іздердің және жеке учаскелерінің) формасы; өлшемі (ұзындығы, ені, тереңдігі, диаметрі) іздерде бұзу құралынан қалуы мүмкін бөгде заттардың болу жағдайлары толық көрсетіліп жазылады.

Іздер – хаттамаға бекітіліп және суретке түсірілгеннен кейін алынуы мүмкін. Толығымен алынуға қажетті іздер, егер ол құнды объектілердің бұзылуына, бүлінуіне әкеп соқпаса іздерді олар орналасқан затпен қоса алған жөн. Бұзу іздері бар кедергінің бір бөлігі (кесіп, бөлшектеп, т.б.) алынса, оған (үсті, асты, ішкі және сыртқы жағы туралы) түсіндірме жазылады [4].

Мұнда ескеріп кететін жәйт, бұзу құралдарының іздерін сараптамалық зерттеу ерекшеліктеріне байланысты сарапшыға тексерілетін объектілер (үлгі ретінде алынған іздер емес) табиғи түрде жіберілуі тиіс.

Бұзу құралдарының іздерімен қатар өндірістік – механизмдерді іздері де трасологияның объектісіне жатады. Бұлар әртүрлі заттар. Атап айтқанда: темекілер, жіптер, электр жүйелерінің сымдары және т.б. болуы мүмкін.

Аталған өндірістік бұйымдар – адам өлтіру, қарақшылық, зорлау, жол – көлік оқиғасы т.б. қылмыстарын тергеу кезінде заттай дәлелдемелер ретінде қолданылуы мүмкін [5].

Мысалы: зорлау болған жерден түйме табылған жағдайларда оның сезіктінің киіміндегі түймелермен сәйкес келетінін немесе келмейтінін анықтау қажет болады. Өлтірілген адамның қолдары байланған электр сымы

айыпкердің тінту кезінде табылған сымдармен салыстырмалы түрде тексеріледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аверьянов Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика. -М., 2000.
2. Е.Ғ Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х.Найманова, Р.Б.Тапалова. Н.С.Темірболат. Криминалистика. Оқулық.- Алматы, Қазақ университеті.- 2005 ж.
3. Анушат Э. Искусство раскрытия преступлений и законы логики. – М.: ЛексЭст, 2001; Ганс Шнейкерт. Тайна преступника и пути ее раскрытия (к учению о судебных доказательствах) // Тайна преступника. – М.: Книжная находка, 2002.
4. Интернет желісі «e-kitaptar.com» сайты
5. Қазақ Энциклопедиясы

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абен Т.А.</b> Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
<b>Абузярова З.</b> Софистика в современном мире.....	
<b>Адамбеков А.А.</b> Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
<b>Айтжанов Ш.Қ.</b> Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
<b>Акимова Н.М.</b> Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
<b>Алшымбаев А.М.</b> Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
<b>Алыбаева А.М.</b> Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
<b>Амир А.</b> Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Асмаг С.</b> Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
<b>Асубаева А.С.</b> Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
<b>Ауельбеков Д.</b> Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
<b>Ахметова А.</b> Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
<b>Ашимова А.</b> Развитие риторики казахского народа.....	
<b>Аязбаев А.Н.</b> Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
<b>Әбдіқожаева А., Базарлинова А.</b> Адвокатураның мәртебесі.....	
<b>Байбосынова А.</b> Казахские бии средних веков.....	
<b>Байдалина М.</b> Фальшивомонетничество.....	
<b>Бурдина К.</b> Допрос как разновидность общения.....	
<b>Ганиев А.А.</b> Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
<b>Дәуқараев Ұ.Ұ.</b> Мал ұрлығы.....	
<b>Дәулетқалиева Н.М.</b> Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
<b>Ділімбетова Ұ.Б.</b> Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
<b>Джаугаштина А.К.</b> Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
<b>Дүйсенқұл А.Ғ.</b> Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
<b>Ем М.</b> К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
<b>Жакипбекова М.О.</b> Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
<b>Жаксыбеков Б.Б.</b> Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
<b>Жангабылова М.Г.</b> Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
<b>Исаев К.</b> Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

<b>Исина М.Ж.</b> Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
<b>Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С.</b> Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
<b>Каримова М.</b> Специфика судебной речи.....	
<b>Карин А.</b> Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
<b>Кемелхан Д.</b> Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....	
<b>Қадырбаева Г., Нургазина Б.</b> Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
<b>Қапар Д.</b> Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
<b>Қуатбекқызы Г.</b> Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
<b>Қырғызбаева А.</b> Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
<b>Мади Г.</b> Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
<b>Макрушин А.О.</b> Тактика обыска и личного обыска.....	
<b>Макрушин А.О.</b> Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
<b>Малакшинов Э.В.</b> Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
<b>Мухамедиев М.Н.</b> Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
<b>Мырзакулова М.Б.</b> Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....	
<b>Нариманов Ә.М.</b> Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....	
<b>Нургазина Б.Х.</b> Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
<b>Nurgaliyeva A.</b> Memoir. Female crime and its prevention.....	
<b>Нуржанова А.С.</b> Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
<b>Өрісбаева З.Т.</b> Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
<b>Райымбергенова К.Т.</b> Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
<b>Рахиева Ж.С.</b> Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
<b>Рысқұл Н.</b> Криминалистикалық фотография.....	
<b>Сағынбаева Ә.Е.</b> Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
<b>Саламатов Ш.</b> Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....	
<b>Салимов А.Б.</b> Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
<b>Серікбаев А.М.</b> Қор қордың зияндылығы.....	
<b>Сулейменова А.С.</b> Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	
<b>Тасбаев Ш.</b> Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....	

<b>Темиржанова Г.</b> Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
<b>Тәлей М.С.</b> Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
<b>Темирова А.Е.</b> Этика адвоката.....	
<b>Төлмұратова А.Т.</b> Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
<b>Ужахов А.А.</b> Допрос как средство доказывания.....	
<b>Федоренко Я.</b> Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
<b>Халан С.</b> Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
<b>Хильман А.И.</b> Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
<b>Шамбулов А.</b> Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	